



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 29 қауырт
Нұр-Сұлтан қаласы

№ *30 ж/к*
город Нур-Султан

**Балабақша тәрбиеленушілерінің
ата-аналарынан/қамқоршыларынан
заңсыз ақша қаражатын жинауға
тыйым салу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының және Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі №793 Жарлығының, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының 2020 жылғы 25 мамырдағы №107-04-25/5 тапсырмасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық жас топтарының тәрбиешілеріне:

1) ата-аналардан/қамқоршылардан жөндеу жұмыстарын, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға заңсыз ақша қаражатын, сондай-ақ материалдық көмектің кез келген түрін жинауға, қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар алуға қатаң тыйым салынсын;

2) ата-аналар арасында заңсыз ақша қаражатын жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Ақша қаражатын жинау үшін дербес жауапкершілік топ тәрбиешілеріне және ата-аналарға жүктеледі.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші



З. Дюсембина

004222